

Теңге ілу тағылымы



4-бет

Алаштықтар өз-Наурыз жайлы



5-бет

Чехияда қауышқан қазақтар



6-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ



www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 21 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №32 (23 208)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Сіздерді келіп жеткен жаңару мен бейбітшілік, өркендеудің символы өз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Біздің ата-бабаларымыз осы халықтың мереке арқылы салт-дәстүрлеріміздің ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жетуіне, олардың қазақ қоғамында насихатталуына жағдай жасай отырып, ұлттық мәдениетіміздің жаңғыруына ықпал етті.

Бүгінде өз-Наурыз мейрамы барша қазақстандықтың ортақ мерекесіне, жақсылық пен жасампаздықтың, бірлік пен татулықтың бастауына айналды. Әрбір қазақстандық үшін, Қарағанды облысының әрбір тұрғыны үшін бұл күннің маңызы зор. Барлығымыз үшін Наурыз жер-дүниенің жаңғыруының, жақсылық пен берекенің, ырыстың белгісі.

Құрметті қарағандылықтар! Сіздердің әрқайсыңызға денсаулық пен амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, бақ-береке тілеймін. Наурыз мерекесі бірімізге құт әкелсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі



САЙЛАУ – 2023

Саяси жаңғыру салтанаты

Еліміздің Негізгі заңы – Конституцияға өзгеріс енгеннен кейін басталған саяси реформаларды қорытындылаған ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау мәреге жетті. Аты өзгермегенмен, заты мүлдем басқа бұл жолғы сайлау көптен бері өзгерісті қалаған халықтың да көңілінен шыққандай. Себебі, бұрын-соңды болмаған, шаралар қабылданды. Ол – көппартиялықты дамыту және елдің қоғамдық-саяси өміріне азаматтық қатысуды кеңейту болды. Мақсат – демократияны дамыту мен өркендету. Әлбетте, кем-кетігі болса да, көш жүре түзелетіні анық. Бірақ, сайлау атмосферасы мен сайлаушылардың көңіл-күйі өзгеріс жолындағы сенімді қозғалғанын көрсетті. Халықтың билікке сенетінін, сондай-ақ, ел тағдырына оның әр тұрғынының жауапты екенін дәлелдеді. Ал, сайлаудан кейінгі келесі күннің кешінде Орталық сайлау комиссиясы алдын ала болжамды жариялады. Нәтижесі exit poll жариялаған көрсеткіштен алшақ емес.

Алдын ала болжам: АМАНАТ – көш басында

Орталық сайлау комиссиясында парламенттік сайлаудың алдын ала қорытындысы шығарылды. Комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіров нәтижелер Қазақстандағы және шетелдегі барлық учаскелерде есептелгенін хабарлады.

Сонымен, сайлаудың алдын ала нәтижесі бойынша 98 депутат креслосының 69 орнына үміткер 7 партияның ішінде көш бастаған АМАНАТ партиясы болды. Сайлаушылардың 53,90 пайыз дауысына ие болған бас партиядан кейінгі орынға «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы жайғасты. 10,90 пайыз сайлаушылар дәл осы партияға сенім білдіріп, дауыс берген. «Жаңа адамдар – жаңа қадамдар» ұстанымындағы Respublica партиясы құрылғанына жыл толмаса да сайлаушылардың сеніміне ие болып үлгерген тәрізді. Себебі, 10,90 пайыз жинаған «Ауыл» партиясынан кейін үшінші орынға табан тіреген бұл партия сайлаушылар дауысының 8,59 пайызына ие болған. Ал, Қазақстан халық партиясы – 6,80 пайыз, «Байтақ» жасылдар партиясы – 2,30 пайыз, Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясы – 8,41 пайыз, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 5,20 пайыз дауыс жинаған.



➔ 2-3-беттерде

ТАНЫМ

Уақыт неге көктемде жаңарады?

Наурыз мейрамының бір сипаты – ежелден табиғи астрономиялық мәнге ие. Табиғатпен етене болған қазақ күн мен түннің теңелуін аспандағы жұлдыздардың орналасу ретіне қарап білген. Тіпті, әр жұлдызға ат қойып, айдар таққан. Күн мен түн көктемде де, күзде де теңеледі. Көктемде ғана уақыт жаңарады. Неге?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Иә, қазақтың жыл ауысымы көктем мезгілінің келуімен байланысты. Мәдениеттанушы, этнолог Серік Ергалидің айтуынша, амал/намал айының келуімен тікелей байланысты астрологиялық үдеріс. Наурыздың ескіше атауы «Амал» болса, қазақтағы «Амал келді – жыл келді» дейтін тәмсіл көктеммен бірге жаңа жыл келеді деген ұғымды меңзеп тұр. «Көктем күн мен түннің теңелуінен 8-9 күн бұрын келеді. Күн мен түн күзде де теңеледі, бірақ неге жыл алмаспайды?! Мәселе күн мен түн арбасуының уақыттың жаңаруына қатысы жоқтығында», – дейді мәдениеттанушы.

Жер бетінде өмір сүретін адамзаттың тәулік санауы, мезгіл ауысымы, ауа райының өзгеруі бәрі-бәрі аспан денелерімен байланысты. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы Үркер, Сүмбіле, Таразы шоқжұлдыздарының көктегі орналасу ретіне қарап, сағат білген, жыл мезгілінде аспан көгінде көрінуі мен жоғалуына қарай маусымның ауысуын, мал күйттеп, күзен саусып, күйік алатын кезді білген, егін егуді бастаған.

Наурызда күн мен түн теңелуі көк күмбездіңдегі Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлусары жұлдыздарының бір түзуді бойында тізіле орналасуынан белгілі. Жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуі – табиғи құбылыс.

Дәл осы жұлдыз атауларын, мән-мағынасын атап өтелік.

Үшарқар-Таразы – жарқырап көрінетін экваторлық шоқжұлдыз. Үшарқар-

Таразы жұлдызының көтерілуіне байланысты қылышын сүйреткен қысты шақырып, қараша қайтып, «Желі мен қарын жетелеп, қызыл жорға мінген желтоқсан келді» – дейді екен.

Ал, Үркер – Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры. Хасен Әбішұлының «Халық астрономиясы» еңбегінде «Үркер шоқжұлдызы біркелкі, бір үйір жұлдыз оп-оңай көзге түсе қояды» делінген.

Сұлусары – Торпақ шоқжұлдызындағы ең жарық жұлдыздардың бірі. Ал, түсіндірме сөздіктерде «Сары» – көктем мезгілі, наурыз айы келген күн мағынасын береді.

Ертеде қазақ халқы көк күмбездіңдегі Үшарқар-Таразы, Үркер, Сұлусары жұлдыздарының көкжиекке жақындауын мезелей отырып, жаздың шығуына неше күн қалғанын есептеп білген. Тілші ғалым Айгүл Әмірбекованың еңбектеріне сүйенсек, қыр елінің және сахара адамдары күн мен түннің қай уақытта теңесетінін, қай кезден бастап күннің ұзарып, түннің қысқаратынын қадым заманнан білген. Жаңа күннің жарығы мен жылуы, қызы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылытады, көк қаулай бастайды. Күннің ұзаруы, түн қараңғысының қысқарып, орнын жарыққа беруі, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуы – жасару мен жаңғырудың белгісіндей. Күн сәулесінің нұры жер-дүниені бусандырып, елжіретеді.

Күннің қызуы өтіп бара жатқан шақта көк жүзін сары ауыр, қара барқын бұлт басып, найзағай айнап, күн күркіреп, жаңбыр жауады. Сусаған, кеберсіген жер-



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова



дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Алайда, күн мен түннің жазғытұрымғы теңелуі бар да, күзгі теңелуі (22-24 қыркүйек) бар.

Күн мен түн теңелгенде, Балық аунап түседі. Кейбір елдерде күн мен түннің теңелгенін осы құбылыстан байқайды. Қазақ халқы бір кездері Күннің Балық шоқжұлдызының тұсынан шығатынын білген. Дәл осы уақытта қыстан аман шыққан елді «Ұзынның ұзарып, жіңішкенің үзілетін шағы» деген. Тіпті, әлі күнге дейін қолданылып жүрген «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген мақалдың өзі осы астрономиялық құбылысқа қатысты екенін бірі білсе, бірі біле бермейді.

Осы құбылыс кезінде Күннен Жерге түскен жарық пен көлеңкенің шекарасы жер меридианымен беттеседі. 15 томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігінде былай деп жазылған: «Күн мен түннің теңелуі – Күннің көзге көрінерлік жылдық қозғалысында эклиптика бойымен жылжып келе жатқан Күн табағы центрінің аспан экваторынан өтетін кезі. Біріншісі – көктемгі (жазғытұрғы) теңелу, екіншісі күзгі теңелу деп аталады. Теңелу кезінде күн мен түннің ұзақтығы жуық түрде 12 сағат болады».

Қазақ халқы көктемгі күн мен түннің теңелуіне ерекше ден қойған. Себебі, тіршіліктің жаңару мен жасаруы, өсіп-өнуі, өркен жаюымен байланысты. Наурыз мерекесін тойлаудың негізгі идеясы – осы. Ал, күзгі теңелуде ондай табиғи нышан жоқ. Табиғаттағы күн мен түннің теңесуін, жер-дүниенің жасарып-жаңаруын, өркен жаюын – күллі тіршілік иелеріне жасаған Тәңір жақсылығы деп ұғу керек.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

●EUR/KZT 493.48

●USD/KZT 462.36

●RUB/KZT 5.99

●CNY/KZT 67.14

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша

Саяси жаңғыру салтанаты



2167 сайлаушысы бар №569, №570 сайлау учаскелерінде жұмыс қарқынды жүрді. Сайлауға, дауыс беруге деген халықтың ынтасы жоғары. «Қазақмыс» АҚ-ның Қарағайлы кен байыту фабрикасы мен «АрселорМиттал Теміртауға» қарасты «Өркен-Кентөбе» ЖШС-дегі вахталық жүйедегі жұмыскерлері ұйымдасқан түрде автобуспен келіп дауыс берді, – дейді №569 сайлау учаскесінің төрағасы Жазира Мұратқызы.

Әділетті Қазақстан құруда маңызды қадам жасауға келген сайлаушыларға аудандық Жастар ресурстық орталығы JasStar еріктілер желісінің ұйымдастыруымен Boursak party акциясын өткізіп, көтеріңкі көңілкүй сыйлағанын айту керек.

Маңызды науқанда қарқаралылық жастар да батыл қадам жасауда.

– Жастар – жарқын болашақтың кепілі. Мен де Жаңа Қазақстанның жас азаматы ретінде өз таңдауымды жасадым. Озық ойлы, талапты, іскер үміткерді таңдау халық үшін қашанда тиімді, – дейді алғаш рет сайлауға қатысқан Токтар Нуарбек.

1323 сайлаушысы бар Егіндібұлақ ауылындағы сайлаушылар сайлау науқанын ерекше көңіл күймен өткерді.

Жастардың сайлаудан үміті зор

Мәселен, нұралықтар да сайлауға белсенді қатысуда. Құндақтаулы баласын қалдыратын жер таппай, сайлау учаскесіне көтеріп барғандар да бар. Мәселен, №637 сайлау учаскесіне ерлі-зайыпты Есет Мақұов пен Қанағат Шараф егіз сәбиін құшақтап барды.

– Ел өміріндегі тарихи сәттен қалыс қалғанды жөн көрмедік. Келіншегімді үйде қалдырып, өзім ғана дауыс беруіме болатын еді. Алайда, әр дауыс маңызды деп білемін. Сондықтан, бөпелерімізді көтеріп, қатар келдік. Әркім белсенділік танытып, өз таңдауын жасаса, жаңа қоғам қалыптасатын күн жақындай түсер еді, – дейді Есет Мақұов.



Ақтоғай ауданындағы жас отбасы – Ілияс пен Жаннұр Қанафиндер де айтулы сәттен қалыс қалмады. Олардың айтуынша, бұл саяси науқанның маңызы зор. Ілиястың жұбайы Жаннұр дұрыс таңдау жасағанына сенімді.

– Бүгін еліміз бойынша маңызды сәтте жұбайым екеуіміз №448 сайлау учаскесін бетке алдық. Мақсатымыз – еліміздің келешегін кемел ететін, лайықты үміт-

керге дауыс беру. Елімізде ілкімді істер атқарылып, оң өзгерістер орын алды. Халықтың әлеуметтік жағдайы да жылдан жылға жақсарып, тұрмысы түзеліп келеді. Біз секілді жас отбасыларға да аз қолдау жасалып жатқан жоқ. Ендеше, сайлау қорытындысы бойынша жаңа сенім мандатына ие болған үміткер осы ауқымды істерді әрі қарай жалғастырып, тың реформаларды жүзеге асырарына күмәнім жоқ, – дейді Ілияс.

Шет ауданының мақтаншы, пауэрлифтингтен әлем және Азия чемпионы – Марғұлан Бекен сайлаудан қалыс қалмай, №735 сайлау учаскесінде дауыс берді. Байрақты бәсекелерде аудан мәртебесін асқақтатып, елдің абыройын арттырып жүрген азамат өз таңдауын жасады.

– Осы сайлаудан кейін елімізді үлкен өзгерістер күтіп тұр деп сенім артатын. Мен бүгін таңдау жасадым. Адамдардың учаскелерге көтеріңкі көңіл күймен барып жатқаны қуантты. Бүгін – тарихи күн. Туған елінің дамуына әрбір азамат үлес қоса алады. Туған ауылымда дауыс бергеніме, нақты қадам жасағанымға қуаныштымын, – делі спортшы Марғұлан Бекен.

Ал, Қарағанды қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы №141 сайлау учаскесіне аналарымен бірге келген қос бүлдіршін дауыс беремін деп жылаған. Бүлдіршіндердің осындай ақ пейіліне риза болған сайлаушылар оларға ақ батасын беріп жатты.

– Дауыс берер сәтте, балаларым «Біз де дауыс береміз. Белгілеп, жәшікке саламыз» деп жылады. Сосын балаларыммен бірге бюллетенді белгілеп, жәшікке салдық, – дейді Бибігүл Серікқызы.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлауда балқаштық спортшылар да қалыс қалған жоқ. Бокстан екі дүркін Азия чемпионы Ерасыл Ермек пен Нормандиядағы (Франция) XIX Дүниежүзілік жазғы гимназиаданың алтын жүлдегері Рамазан Нұрлыбаев №193 сайлау учаскесіне барып, дауыс берді.

– Бүгін біз өз таңдауымызды жаса-

да Қазақстанның ұлттық құрамасына қабылданған Рамазан Нұрлыбаев сайлауға тұңғыш рет қатысып тұрғандығын жеткізді.

– Мен бірінші рет дауыс беріп жатырмын. Сайлаудың еліміз үшін берері көп деп ойлаймын. Өйткені, елдегі жағдай екі тізгін, бір шылбырды тең ұстар азаматтардың арқасында жақсара беретіндігіне сенімдімін, – дейді Рамазан Нұрлыбаев.

Айта кетейік, бүгінде Балқаш қаласынан шыққан жас боксшылар дүбірлі додаларда топ жарып келеді. Олардың қатарында, 60 келіде – Ерасыл Ермек, 54 келіде – Рамазан Нұрлыбаев, 63,5 келіде – Мадияр Тайпаков және қыздар арасында 48 келіде Гүлназ Бөрібаева, Камила Баженова бар.

Аталған сайлау үдерісінен Ұлттық Ұлан сарбаздары да қалыс қалмады. Қарағанды облысында орналасқан ҚР Ұлттық ұланының 6505, 5451 және 5516 (Теміртау к.) әскери бөлімдерінің жеке құрамының өкілдері өздерінің сайлау учаскелерінде Қазақстан Республикасының болашағы үшін дауыс берді. Жалпы «Орталық» өңірлік қолбасшылығында



мерзімді қызметтегі әскери қызметшілері ғана емес, офицерлер мен сержанттар дауыс беру үшін 13 учаскесін қамтамасыз етті.

Еліміз үшін маңызды Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау науқаны ақтоғайлықтар үшін ерекше мерекеге айналды. Өнерпаздардың концерттік бағдарламасын айтпағанда, ұйымдастырылған спорттық іс-шаралар сайлаушылардың спортқа деген құлшынысын арттырды.

жүрген азаматтың бірімін. Елдің жарқын болашағы үшін өз таңдауымды жасадым. Бүгін сайлауға келіп, кір тасын көтеріп олжалы болдым. Ақтоғай ауданында кейінгі жылдарда мықты спортшылар қатары көбейді. Біздің аймақта кеңінен таралған спорт түрлеріне күрес, волейбол, баскетболды жатқызуға болады. Сайлаумен қатар осындай спорттық іс-шара ұйымдастырып, сайлаушыларды сергітіп жатқан спорт саласының мамандарына мың алғыс, – дейді Бірлік Қашқынов.

Айта кетейік, сайлау барысында кір тасын көтеруден бөлек, қол күрес сынды жарыстар Сарытерек, Нұркен, Шабанбай би ауылдарында ұйымдастырылды.

Байқаушылар бағамы

Асыл Хамит – №2 оқушылар сарайының мұғалімі. Сайлау науқанына өз еркімен байқаушы болуға келісім беріпті.

– Біз қазір Жасөспірімдер сарайындағы №20 сайлау учаскесіндеміз. Сайлау үдерісі белгіленген тәртіпке сәйкес басталды. Сайлаушылар белсенді. Таң мезгілінде алғашқы келген сайлаушыларға кәдесый табысталды. Дауыс берушілердің көңіл күйі көтеріңкі. Жаңа сайлау жүйесінің бір мүшесі болғанымға қуаныштымын. Сайлау барысы жоғары деңгейде ұйымдастырылған, – деді бай-

Жаңа Қазақстанның жарқын қадамы

Ата Заңымызда көрсетілген азаматтық құқығымды пайдаланып, елдің бірлігі мен болашағы үшін дауыс беріп, өз таңдауымды жасадым. Аллаға шүкір, қазір елімізде оң өзгерістер орын алып, игі бастамалардың нәтижесін көре бастадық. Азаматтық қоғам орнай бастағанын халық сезіп отыр.

Сайлау жұртымызды ортақ мақсатқа біріктіретін науқан болады деп сенеміз. Байқап қарасак, соңғы кездері сайлауға қатысып, өз таңдауын жасап жүрген жұртың қатары көбейді. Біз мұны елдің ертеңіне бейжай қарамайтын азаматтардың қатары көбейгенінің белгісі деп білеміз. Сенім мен үміт бар жерде өркендеу, даму болатыны ақиқат.

Қазақстан азаматтары Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына лайықты азаматтарға дауыс берді. Халық мүддесі мен мемлекетіміздің дамуына қызмет ететін лайықты тұлғалар ғана заң шығаратын, шешім қабылданатын маңызды орындарда отыруы керек деп санаймыз. Сол үшін сайлауға барып, таңдау жасау өте маңызды іс деп есептеймін. Ар мен ұятты, намыс пен әділдікті ту еткен лайықты тұлғалар, елдің ертеңіне жаны ашитын жанашыр азаматтар ғана Мәжіліс пен мәслихат төрінен орын алса, мемлекетіміздің мәртебесі артып, өзге елдермен терезесі тең болады деп сенеміз. Алла Тағала халқымыздың тілеуін қабыл етіп, болашағымызды жарқын еткей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай. Мемлекетіміз әрқашан өркендей берсін.

Естай ӘБДІҒАЛИЕВ,
ҚМДБ Қарағанды облысындағы өкіл имамы



Сайлау – тарихи кезең

Былырғы «Қаңтар оқиғасынан» кейін елдегі жағдай күрт өзгерді. Соның ықпалы бар, одан бөлек, халық та өзгерісті талап етті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың былырғы «Жаңа Қазақстан: жаңғыру мен жанару жолы» атты Жолдауынан кейін «Жаңа Қазақстан» деген ұғым пайда болды. Одан кейін реформаларды өткізу жайлы мәлімдеді. Елімізде референдум өткіздік.

Былыр Ата Заңымызға, ҚР «Сайлау туралы» Заңына, тағы да басқа заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бүгін Парламент Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауын өткізіп жатырмыз. Бұл – елімізде жүйелі түрде реформалар жүріп жатқанының көрінісі. Сайлау соның дәлелі. Әрине, халықтың үміті зор. Сайлау ашық түрде өтеді деп сенуде. Жаңа депутаттар, жаңа тұлғалар келеді. Олардың өз ұстанымы бар. Депутат болсам деген кез келген адам елінің ертеңін ойлап, жақсы қылсам дейді. Елімізді көркейтсем деген үмітпен келеді. Бұл – екі жақты жол. Біріншіден – елдегі жағдайға Президент жауапты. Екіншіден – халықтың да жауапкершілігі жоғары. Ал, ол үшін жауапты қадамдар, жауапты іс-қиямылдар жасауға тиіспіз. Өзгеріс бір күнде, бір айда, бір жылда бола қалмайды. Бірақ, соған қадам бүгіннен жасалуы тиіс. Біздің болашағымыз – жастар. Солардың белсенділігіне, сауатына, біліміне өте көп нәрсе байланысты. Сондықтан, осы тұрғыдан алғанда еліміздің болашағы жарқын болады деп сенемін.

Серік САНАУБАЕВ,
«Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Салтанат ІЛИЯШ,
Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
Назым ДУТБАЙ,
Қызғалдақ АЙТЖАН,
Ержан ИМАШ,
Жәлел ШАЛҚАР,
Сағыныш ӘБЛІ,
Нұрдос КӨРІМ,
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Наурыздың мәні мен сәні немесе тоғыз күннің төркіні

Несін жасырайық, жылына бір жылт ете қалатын шапан мен киіз үйден қысылған жай бар. Жыл он екі айда нығмымызға бір ілетін бешпентке қарауға бет жоқ. Киім ілгіште он бір ай тұрып, тек бүгін алып шыққанға және жарты күнге «күрмет» көрсеткенге ұятты болып отырмыз. Үкімет бас болып, бұрнағы жылы Наурызды мерекелеуге қатысты тоғыз күнді тас қылып бекітіп берген. Әр күнге тақырыбын тақиясындай киізіп тұрып. Әйткенмен, ол тоғыздықтың көңіл тоғайтардай аты мен заты қабыспай келеді. Шыны керек, Наурыз мәртебесін асырып, мейманасын қалай тасытамыз деп емес, неше күн демалатынымыз маңыз неленіп кеткен. Наурыз дегенше, «қанша күн демалыс екен?» деген тұрмыстық сауал сумаңдап санамызға бірінші келеді. Тұрмысты сана билейді, әлбетте. Дегенмен... Тәуелсіздік алған отыз екі жылда Наурыздың атрибуты – бірнеше күн демалыс, киіз үй, шапан, дастарқан, концерт. Басқалай балама жоқ. Ал, бар ма еді?

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан даму институты әзірлеген жаңа тұжырымдамда Наурыз мейрамы тоғыз күн атап өтілетіні, әр күннің өз атауы болатыны туралы жазылған. Ол – 14 наурыз бен 22 наурыз аралығы. Әр күннің айдарланған атауы бар. Ендігі міндет – сол күндерді елеусіз етпей, елдесе өткеруде. Наурызды жарты күндік кебінен үр жаңа форматқа көшіретін тәсіл осы тоғыздық.

Ашық ресурстағы ақпараттарға жүгінсек, Мәшһүр Жүсіп бабамыздың жазып қалдырған деректері Наурыздың шығыста 8 күн тойланғанын және онда аста-тоқ дастарқанды бай-манаптың жасағанын, бірақ «оның қадір-құны астан, тойдан ілгері болғанын» айтады.

«Сонда бұрынғы отырған астына кетіп (жылды айтады – автор), оның орнына екінші (жаңа жыл – автор) тақ үстіне шыққандығын – жандыда балық біледі, жансызда Самарқанның көк тасы біледі. Балық білетұғындығын сонан байқаған: Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір кересен суға асылып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап

түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп.

Жиырма тоғыз жасымда Бұха-



рай-Шәрифте Ғабалахыд ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бөйге, дәл сегізінші күн: «Мазар Шариф» – деседі. Қожа Баһауалдин әулиенің қасындағы хауызға қант төгіп, суды қант татытып, жұрт жабыла ішіп, «той тарқар» болады. Біздің қазақ

жұрты үлгіні сол Бұхара жұртынан алған екен. «Орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурыздамасында болған той, мереке қызығы Бұхар мен Қоканда да болмаған!» – десіп сөйлейді. Қайда атақты асқан бай бар болса, наурыздаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында наурыздаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен» деп жазып қалдырыпты (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шығармалары. 8-том, Павлодар – «Эко» ҒӨФ, 2007, 418 б). (Абай.кз).


Демек, біздің түйсіктің Наурыз мейрамының тек ішім-жеммен өлшенуіне өре түргелуінде осындай бір білгені бар. Олай болса, Наурызды астан-тойдан ілгері қылар қарекет қажет. Ал, ол жоқтың орнын жоғарыда айтқанымыздай, тоғыз күн толтыра алатындай. Тек соған күнт жетпей жүр.



ып, өмірден озған ата-бабаларына Құран бағыштайды. Әр отбасының үлкендері өмірден өткен ата-бабаларының, ағайын-бауырдың жақсы істерін, қуанышты сәттерін кейінгі ұрпаққа әңгімелеп береді. Елдің, өлкенің тарихы, ерлігі баяндалуы тиіс екен. Бұл күнді, Құдай тілеуін бергір мектептер ғана болмаса, өзгесінің есіне алғаны кем. Сондықтан да, бүкіл ел ішінде толық мәнін ашуына мұрындық болудың ауадай қажеттілігін сезініп жүрміз. Дәл осындай 16 наурыз – Жайлау күні, 17 наурыз – Игі істер күні, 18 наурыз – Шымырлық пен шеберлік күні, 19 наурыз – Зияткерлік күні, 20 наурыз – Жоралғы күні атауын ашып, көпшіліктің көкейінен орын алуы тиіс. Ол көп боп, жұмылғанда ғана жадыда жатталып, көкірекке

• НАУРЫЗ-ӘН

«Той болушы еді бұл маңда!»



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Өнер туындысы алғаш орындалғанда танымал күйші Абдулхамит Райымбергеновтің жетекшілігіндегі «Мұрагер» ансамблі сүйемелдеген екен. Шынында, бұл ән шырқала бастағаннан-ақ, тыңдаушылардың көңілінен бірден шығып, жолы болған. Алма-

«Шернияз» күйін қостық. Әннің ұлттық бояуы қалыңдап, қазақтың нағыз болмысын, қонақжай да дархан пейілін көз алдыңызға келтіретін өнмен тыңдарман осылайша қауышты, – депті 2018 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне берген бір сұхбатында Роза Қуанышқызы.

Әнді халық бірден жылы қабылдап, содан бері 30 жыл өтсе де,



тыда, ел көлемінде сол жылдары Наурыз енді-енді кеңінен тойланып, кең тарала бастаған.

«1988 жылы Мұқағали Мақатаевтың кітабын алып арнайы композитор Талғат Сарыбаевқа барып, Мұқанның «Наурыз-думан» өлеңіне ән жазып беруін өтіндім. Туындыны қалай көріп тұрғанымды сөзбен суреттегенде композитор ойымды бірден түсінді. Мен қалаған мінез бен стильде ән жазды. Көктемнің шуақты сәттері, наурыздың ерекшелігі мен қазақтың дархан пейілін беретін ұлттық рухтағы жақсы бір ән осылай өмірге келді. Жолдасым Тасқын Оқапов жаңа туындыны бірден ұнатып, «Наурыз-думанды» тұтас композицияға айналдыруды ұсынды. Тасқынның ұсынысымен ән ортасына атақты

ел сүйіп тыңдайды. Әр көктеммен бірге түлеп, жаңғырып келеді. Сонымен қатар, туындының шетелде де тыңдарманы көп.

Композитор Талғат Сарыбаев пен Роза Рымбаева бұдан кейін де бірнеше ән жазған. «Гавань моей любви», «Өткен күндер», «Отандастар», «Пысық жеңгейлер-ай», «Мерекелі жыл», «Бәрі есімде» туындылары елдің көңілінен орын тапқан. Десе де, «Наурыз-думанын» орны бөлек.

Бұл ән Наурыздың өзіне айналып кеткен. Әр көктем сайын осы әннің сазымен көктемнің шуағын, Наурыздың берекесін сезінеміз.

«Наурыз айы туганда, Той болушы еді бұл маңда. Сақталушы еді сыбаға, Сапарға кеткен ұлдарға, Наурыз айы туганда».

• АДАМ КӨРКІ...

Қыз бас киімінің атаулары



Қазақ қызына үш жастан бастап, бой жеткенше үкілі тақия киізген. Тұрмысқа шықпаған қыздар киетін бас киім үлгісі, әшекейі, теңге-моншағы, ою-өрнегі, кесте зері, матасы һәм оның түсі тек қыздарға арнап жасалғанын білдіреді.



Бас киімнің ерекше бір түрі, қыз жасауының ең қымбаты – сәукеле. Сәукелеге маржан, меруерт, алтын-күміс сынды алтын тастар, түрлі теңге, оқа тағылған. Таза жібек, көмшат та қолданылған.

Тарихта құны жүз жылқыға, жүз түйгес тең сәукелелер болған. Қымбат бас киімді келіндер той біткенше ғана киеді.

Той өткен соң орнына беректі желек кесе, оны шыт тарту дейді. Шыт тартумен – орамалмен басты бір орап, желек тұсынан байлап қояды. Орамалдың төрт бұрышы кестеленіп, ою-өрнек тігіледі, оның өрнекті тұсын маңдайына келтіріп, бүктеп тартады.

Қасаба – үшкірлеу төбесіне бір шок қауырсын қадап, маңдай тұсын түгелдей асыл тас, алтын, күміс әшекейлермен безендіріп, оң жақ самай тұсына 5-6 қатардан ілмелі моншақ пен күміс қоңыраушалар байлап, ұзын салпыншақты етіп жасалған қыз тақиясының бір түрі. Этнографтардың айтуынша, «қасаба» сөзі «алтын зерлі» дегенді білдіреді. Құламасына шашақтар тағылады. Мұндағы шашақтың көп тағылуы «қрпағы көбейсін» деген игі тілекті

білдіреді. Қасабаны орамалдың үстінен де киген.

Әйелдер бас киімінің ішінде: ки-мешек, шылауыш, күндік, орамал, шаршы, шәлі, шыт, жібек шәлі, бөрте-пе шәлі, шалма шәлі, желек, сақау, шашпақ, бергек, сылдыр-үзбе, бүркеншік, жаулық, қырпу көп аталады. **Күндік** – егде әйелдің басына орай тартатын ақ жаулық. Бұл жаулық 3-5 метрлік ақ макта матадан, жібектен тігілген. Мұны кезінде апа-әжелер көп киген. Мосқал тартқан әйелдер далаға және ұзақ жолға шыққанда күн өтпес үшін тағытып.

Желек те әйелдердің бас киімі. Сәукеленің үстінен салынатын желек – бергек деп аталған. Бұрындары ұзатылатын қыздың сәукелесінің сыртынан шағи, дүрия немесе үлде жібектен шаршылатып басына салатын болған.

Келін түскен соң сәукеле алынып, орнына желек салынады. Желекті тұңғышын, не, екінші баласын туғанша таққан.

Этнограф Ж.Бабалықұлының ақын Қ.Бегмановқа берген сұхбатынан

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Теңге ілу тағылымы

Теңге ілу. Аңыз айтқандай, қанлы көсемінің қызы Қармыс ойлап тапқан ойын көрінеді. Қазақ даласына жасаған жорықтарының бірінде Ескендір Зұлқарнайын теңге ілу ойынына күз болып, тамсанып тұрып «міне, нағыз ер жігітке тән, сарбаздық пен жаужүректікке, ат үстіндегі ептілікке баулитын ойын» деп баға берген екен.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Расында, ескі қисса-дастандарды оқып отырсақ, ат жалын тартып мінген баланың жігіт болу жолындағы сынақтарда осы ойын жиі кездеседі. Қазақ бұл ойынды тек жаужүректікті ғана көксеріп ойнап, Көбіне салт жүретін салт, бозбала жігіттердің көп көзіне түсуі, әсіресе қыз көңілінен шығуына таптырмас құрал.

Бұлай деуге Илияс Есенберлин жазған «Көшпенділер» трилогиясындағы Жәнібектің Керей руынан шыққан екінші әйелі Жаған бикемен танысу, ұшырасуы дейек. Шайбан шах (Әбілқайыр хан) ұлы Шах-Бұдаққа Керейден қыз айттыра барып, осы Жаған бикенің туған апасы Аққозыны ұзатып алады.

Осы бір торқалы тойда топ жігіттің ішінен жамбы атуда, бақандағы бақырды аттеп, теңге ілуде тебінісінде терлетпей ат үстінде ақ киізде жатқан теңгені бірінен соң бірін ілген Жәнібек сұлтанды көріп, Жағанның көңілі күпті болатыны бар.

Қазіргідей таныстықтың қасында ол заманғы қыз-жігіттің бір-біріне ықыласы осылай алыстан айғақталған. Міне, теңге ілудің тағы бір сыры осы. Қазақтың әр салты, өнері тұнып тұрған тәрбие деуге тұрады емес пе?!

Теңге ілу бұл ат үстіндегі ептілікті һәм жүректілікті талап ететін экстремалды спорт түрі. Кешегі Наурызбайдың «Шайтан батыр» аталуы да осы ат үстіндегі ептілігін көргендегі қалмақтар қойған ат деседі. Наурызбай жауға

шапқанда алыстан көрінген аттылы жау қарасын көргенде ғайыптан өзгеріп, адамсыз ат қана шабады екен қарсы. Сонда Наурызбай ат бауырына жасырынады немесе аттың екі жақ қабырғасына кезек ауып жасырынады екен. Қалың қалмақ қолына қарсы шапқанда садақ оғынан құтқарар осы ептілігі дейді деректер.

Дала заңына бағынған баба рухы қолдап, бұл күнде осынау ұлттық құндылығымыз ұлттық ат спорты қатарына енді. Қазіргі таңда тап бөйге көкпардай іргесі кеңіп, етек-жеңі жылы қалмаса да ақырындап тамыр жайып келеді.

– Бұл ойынға ертеректе ат құлағында ойнаған балиғат жастан



жігіт ептілігімен, ат үстіндегі қимыл-өрекетімен есептелген. Қазір бәрі уақытпен қаралады.

Жоғарыда айтқандай, бағызда бала туылса немесе сүндет той, қыз ұзату, үйлену тойында бұл ойын міндетті болған. Қазір кәдімгі ұлттық спорт түрлерінің ажырамас бөлігіне айналды.

Бұдан ілгеріде бір ауылға келін ұзақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда да әдейі ырым үшін ойналады дейтін үлкендер. Бұл теңге ілудің ерекшелігі бар. Неге десеніз мұнда теңге орнына әлгі келін өзінің асыл бұйымдарын шүберекке орап бес жерден тастайды. Ал, жиынға қатысқан жігіттер бағын сынап, бағалы әшекейді еңкейіп алуға тырысқан.

Түйіншекті түгел ілген жігіт көп арасында ұнаған аруын таңдап, әлгі әшекейді соған сыйға тартқан. Міне, осылай жаңа таныстық белең алып, қыз бен жігіт арасында көпір орнайды. Осының бәрін жинақтай келе теңге ілуді тағылымы мол, берер тәрбиесі мен мақсаты бар ұлт құндылығы деп қалай айтпасқа?!

● НАУРЫЗ-ТАНЫМ

Алаштықтар әз-Наурыз жайлы

Ұлыстың ұлы күніне орай Алаш жұртының байырғы басылымы «Қазақ» газетінде осыдан бір ғасыр бұрын «Барша Алаш азаматтарын Жаңа жыл – Наурыз һәм бостандықпен құттықтаймыз. Алла Тағала киіз туырылықты қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн туғызып, ырыс-дәулет, бақ-береке нәсіп етсін!» деген құттықтау сөз берілген екен. Осыдан-ақ, Наурыз мейрамына қазақ зиялылары жете назар аударғанын андаймыз. Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатұлының Наурызға байланысты жазған мақаласы бұл сөзімізді қуаттай түседі. 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» пен «Сарыарқа» газеттерінде Наурыз жайлы бірнеше танымдық мақала жарық көрген екен.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде Ұлыстың ұлы күні шын мәнінде жанару мен жаңғырудың құтты бастауына айналған. Есігімізден енген Қоян жылының артар ауыр-тпалығы барын ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Қыр баласы» атты бүркеншік атымен «Жаңа жыл» деген мақаласында талдап жазады.

«Мынау «қоян» дүниеде болмаған зор қырғын соғыстың үстіне келіп тұр. Адамға түскен ауыр-малдық үстіне мал ауырмалдығын қоспай өтсе, қазақтың бағы. Бұрынғы жұт қояндардай болып, малға да салмағын салса, қазақ жүгі көбейіп, көтеруге әлі келмес. Түндік ақша екі есе көбейіп тұр; соғыс салығы түсейін деп тұр; нәрсе қара қымбаттап тұр; малдың еті мен сүтінен басқаның бәрін сатып алатын қазаққа бұ да жеңіл тимес. Құдай жұтқа ұшыратпасын. Жұтаса қазақ бұрынғыдай тез

оңала қоймас. Өткен жаздың шаруаға жәйлі болғандығынан жұртта пішен мол, шаруаның іші жәрбелі. Жаз өте жайсыз болмаса, «қоянның» қауіп мал жағынан онша зор бола қоймас еді деп, алдағы жаздан үміткерміз. Наурызбен құттықтап, жаңа жыл жайлы болуын тілейміз», – деп жазған екен Алаш арысы 1915 жылы 9 наурыздағы «Қазақ» газетінің №110 санында.

Сонымен қатар, Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Мұсылман болмас бұрын араб жылы 12 ай, бір ай 29-30 тәулік еді, күн жылына жанамын деп һәрбір үш жылда бір ай қосып алатын болды. Халифа Рашиддин заманында мұсылмандар бұл есепті өшіріп, хиджраттың басталуынан есеп қылуды ұнатты. Бұл ай жылы күн жылына жанаспайды. Иапония 1872-інші жылдан, Корея 1892-інші жылдан бері жаңа стилге кірді. Түбінде екі осы ескі һәм жаңа стил барша мәдени халыққа кіретін жол

болар. Енді бір-екі ауыз сөз жаңа жыл туралы. Мұсадан бері еурей жаңа жылы марттан басталады, Римде жаңа жыл март еді. Біздің қазақ жаңа жылы мартта болғаны адасқан

латұлы «Жаңа жыл құтты болсын» атты мақаласында жақтап жазады.

«Бұрынғы ата-бабаларымыз наурыз туғанда бастарын қосып, құшақтасып көрісіп, қуанысып,

қалыңқырап бара жатыр еді. Соңғы жылдарда біздің қазақ-қырғыз һәм өзге түрік қауымдары да наурызды тірілтіп, бұрынғыдай мейрам қыла бастады. Наурыздың мейрамдығы адам, хайуан, жанды-жансызға бірдей секілді. 9-ыншы мартта күн мен түн теңеледі. Қабағы қатыңқы ызғарлы қыстың жүйесі босап, жан-жануар жайланып, арқасына шуақ, бауырына кара жер тиіп, дүниенің тұмары

жыл санауы бойынша ескіше 9 наурыз жаңаша тура 22 наурызға сәйкес келеді екен.

Сонымен қатар, «Қазақ» газетінде 1917 жылы жарияланған «Жаңа тілек» атты өлеңінде былайша толғайды.

«Ұшқан құстай, суда жүзген балықтай, Табиғатты қолданушы халықтай Сен енді сергісейші жалықпай, Жүргеніңше мәңгі

жаяу Алашым! Бүгін хақтың қуанышты кең күні, Күн менен түн – таразының тең күні, «Құт-береке болмаса екен кем күні»

Деп тілек, қолың жай, ау, Алашым!» – деп ақын «Мадияр» атты бүркеншік атымен жүректен шыққан өлеңің құндаққа орап, елдікке шақырып жеткізеді.

Қытымыр қыстың құрсауынан шыққан Жер-Ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн, Самарқанның көк тасы еріген күн, Ұлыстың мейрамын тойлау ас ішіп, аяқ босату емес, жүректерге махабат пен қуаныш ұялататын жылдың басы екендігін жеткізеді.

Ендеше, береке мен бірліктің, игілік пен теңдіктің туын көтерген Наурыз біздің төрге озған төл мерекеміз, баба сөзімен айтқанда «ақ түйенің қарны жарылған күн» емей мемене?

Алаштың арысы Әлихан атамыз айтқандай, «Мәдениетті кісілер дәстүр аттамайды!» демекпіз. Ұлық мейрамымызды тойлау, салт-дәстүрімізді сақтап қалу – ұлт аманаты болып қала бермек.

● ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ

Тоғыз шаршы метр: шедеврлер туған шеберхана

Үстел үстінде үнісіз жатқан қара телефонға кенет жан бітті. Жарты сағатта бетіне жұқалап қонып үлгерген тозанды сілкіп тастағысы келгендей. Жалт-жұлт жанып, қос капталына кезек құлағысы бар. Бұлт-бұлт етіп, қатарындағы қашауға сүйкенді...

Алдындағы дөңбекті айналдыра шауып отырған шебердің құлаққа сіңген әуенге мойын бұрғысы жоқ-ты. Маңдайы жіпсіп, бауыры жазылған аттың күйіне түскен шағы еді. Басын көтеріп, мұрыны еңкейте ілген көзілдірігінен кіржие біраз қарады. «Мүмкін өзі де тынар» дегендей. Жоқ, айнасы жанып-сөнген қара телефонның қашауға сүйкенгенін қояры жоқ. Шебер шапашотын іргеге сүйеп, қара телефонды селсөк қолына алды. Алақандай айнаға тізіліп шыққан бейтанис номерге қарап күбірлей құлағына тосты...

– Әлеу...

Кезекті тапсырыс... Бір айдың мұңдарында домбыра қажет.

Әйткенмен, шебердің жаз шыққанша көлденең дүниеге мойын бұрар мұршасы қане?! Кезегіне жіп тағып қойған қазақтың қарасы қалын. Әлемнің ақшасын төксе де, «айтылған сөз – атылған оқ».

– Ренжіме, бауырым. Маусымға дейін қолым тимейді.

Әңгімесін қысқа қайырған шебер Аман Сәдуақасов шапашотын қайта қолына алды...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір көргеніміз – кейінге дерек

«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра! Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана: Одан асқан жоқ шежіре, Одан асқан жоқ дана!».

Қадыр ақын айтқан домбыраның қадірін танып, кіе тұтқан жанның бірі – біздің кейіпкеріміз. Домбыраға бейілі ауды, ғұмырын жұмсады. Адал еңбегімен абырой жинады. «Аман жасаған домбыра» десе, жұрттың көңілі алабөтен.

Құрманғазының есіміне, оның күйлеріне қазақтың құлағы қанық. Тәттімбетті шертпе күйдің атасы деп танымыз. Салған әні алты қырдың астынан жеткен Біржан сал, Ақан сері, Әміре сынды дүлдүлдеріміздің мұрасы мәдениетіміздің «Алтын қорына» енді. Ұсақ әңгіме демеңіз, алайда, сол сұңқарларымыздың жанын жұбатып, серік болған домбыраны шапқан шеберлерден дерек қалмағаны өкінішті.

Жадыда жоқты жаңғырту мүмкін емес, әлбетте. Тек, бар амалымыз – қазір көргенімізден кейінге дерек қалдыру. Қаламды қолға алғандағы ойдың бірі – сол-тұғын. Нұрғиса Тілендиев, Мағауия Хамзин, Қаршыға Ахмедияровтай алыптарды тәңгі еткен, Ғалым Мұхамедін, Серік Оспанов, Жаксыкелді Кемалов, Аманжол Әлтаев, Дәуренбек Әрқенов сынды майталмандардың талғамынан шыққан аспаптардың авторын тағы бір мәрте атап өткенді жөн көрдік. Марқұм Мейірхан Адамбеков те Ау-жекеннің домбырасын шертіп тұрып, аспаптағы аққуға әнін қосқан. Тәттімбет оркестрін де жасақтады.

Ағаның ақылы

Рас, ағаштан түйін түйген Аман шебердің Алашқа аты мәшһүр. Қашау ұстаған отыз жылдың жемісі – талай



Шебер жұмыс үстінде

мәрте баспасөз құралдарының ықыласы түсті. Теледидардан сөйледі, тілшілер очеркіне де кейіпкер болды.

Содан көзіқарақты оқырман жақсы біледі: Аман ағамыздың кіндігі Ақтоғайда кесілген. Ал, домбыра жасауға Талдықорғанда жүріп бет бұрды.

Қайта құру жылдары Қазақстанда ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға құлшыныс күшейді. Дәстүрлі ән өнеріне, онымен қатар, ұлттық аспаптарға ынта артты. Жер-жерде домбыра жасайтын цехтар ашылды. Сыңған домбыраны жамап-жасқауды машық етіп жүрген Аман ағамыздың Жетісуға танымал «Алтын дән» ансамблінің жанынан құрылған шеберханаға шақырылатыны осы кез. Арада уақыт өте І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институты басшылығының қолқасымен оқу орнының ішінен шеберхана ашады. Жанына шәкірт ертеді, бір-екі жылда республикалық байқауларда олжа салып үлгереді.

Шебер Жетісуды мекен етіп қалар ма еді, Мағауия Хамзин ағамыздың бір ауыз ақылы болмаса...

Алматыдағы кезекті бір байқауда домбырасы қола жүлдені әперіп, мей-

манасы тасып тұрған шақта Мағауия ағасы жанына келеді.

– Кімсің, қай ауылдың баласысың?

Інісі екенін білген аға бауырына тартып, өзімсіне ақылын қосады.

– Елге қайт, бауырым. Қарағанды, Балқаш өңірі де орыстанып кетті. Сен бармасаң, мен бармасам, ол ел кімге керек? Ұлтан болып қызмет етейік.

Заңғар тұлғаның өтініші – арқалатып жіберген аманаттай еді. Аман шебер солай қабылдады. Және «құлан» ның қасуына – мылтықтың басуы», Балқаш әкімдігі ұлттық орталық ашу қамына кіріскен ол шақта. Сәл бұрын «орталықтың шеберханасының тізгінін тапсырсақ» деген ниетін танытқан-ды. Сөйтіп, 1993 жылы Балқашқа көш түзеді. Кейін Мағауия күйші де Көкше теңіздің жағасына қоныс тепті.

Балқаш билігі шеберді алақанына салды: шеберхана ашып берді, басына баспана әперді. Бес жылға келісім-шарт жасасты. Бұл ұлттық орталықтың жұмысын жүргізді, өнер ұйымдарын қажетті аспаппен қамтыды.

Ал, Қарағандыға жиырма жыл бұрын қазық қакты. Жоғарыда айтқанымыздай, Арқада да абыройдан кен-

де емес. Аршадан домбыра шабатын жалғыз шебер деген атағы алысқа жайылды. Тіпті, бір домбырасын Астрахандағы Құрманғазы музейі алдырды. Арша домбыра аңсаған ағайын айлап-жылдап кезекке тұратын беделге жетті. Екі жыл бұрын «Мә-



І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының шеберханасы. Солдан оңға қарай: Аман Сәдуақасов, Нұрәлі Адамқұлов және жаңадан келген шәкірт. 1989 ж.

дениет саласының үздігі» төсбелгісін өңіріне жарқырата тақты.

«Домбыра көкпарға түспеуі тиіс»

Дегенмен, өнері жұртқа жакқан шебер базынасын билік жиырма жылда бір құлағына ілмегеніне налиды. Қағаз-қаламымызды құшақтап, қаланың бір шетіндегі үйіне арнайы барған бізден де жасырмады. Тоғызыншы қабаттағы пәтердегі тоғыз шаршы метрлік шеберханада отырып сұхбаттастық. Құрқытайдың ұясы дерсіз. Шаң жұтып отырып тыңдадық.

– Портреттік мақала жазуға оқталып келгеніңді біліп отырмын. Бірақ, мен туралы небір мықтылар жеріне жеткізіп жазған. Қарсы болмасаң, домбыра жасау, жалпы, ұлттық аспап-

тарды жасау ісін дамытудағы мәселелер туралы сөз қозғасам деп отырмын. Алланың қалауымен Пайғамбар жасына жеткенде айтпаған шаруаны қашан айтамыз?! – деді шебер шапашоттың сөреге қалап жатып.

Аман аға ұлттық өнерді бизнес көзіне айналдырып жіберген қазіргі жүйеге өкпелі. Білсеңіз, қазір қаптап жатқан ансамбль, оркестр, музыка оқу орындары да тендерсіз тапжылмайды. Ұлттық аспаптарға тапсырыс берерде тендер ойнатуға міндетті. Тіпті, мектептердегі қарапайым үйірмелер де тендерге байлаулы. Бір оркестрге 15 домбыра қажет. Басқа да аспаптар бар. Қыруар ақша. Ақша жүрген жерде пысықайлар да жүретіні белгілі.

– Оңтүстікте, Алматыда аспап цехы көп. Тиіп кеткеніңіз домбыра жасайды. Бір өкінішті домбыраның сапасына, үніне қарамайды. Шебер домбыра тарта білуге міндетті. Ал, оларда нағыз өндіріс. Алматыда бір цехты білемін, бір айда 150-200 домбыраны шемішке шаққан құрлы көрмейді. Осакаровкада болған фабрика сияқты. Бағасы 30-35 мың теңгеден басталады. Сол цехтар тендерге түскенде міндетті түрде ұтады. Домбыра – құрылыс материалы емес қой.

«Хамзин есімі елеусіз қалды»

Аман аға әйгілі Мағауия Хамзиннің алдын көрді. Балқашта ыық тіресе қызмет етті. Ертеден домбыра шертіп, ән шырқайтын өнері бар ағамызға жаксыдан жұққаны гой, «Өкініш» атты күй де шығарды. Мағауиямен қатар жүрген өзін Аман аға бақытты жандар қатарына қосады. Дегенмен, Тәттімбет, Қыздарбектердің мұрасын бүгінге жеткізген күйшінің есімі елеусіз қалғанына қынжылады.

– Домбыраға қамқорлығымыз кемшін түсіп тұрғаны жасырын емес. Домбыра күні әулірімдеп жүріп күнтізбеге енді. Ол да қуаныш. Әйтсе де, сол домбыраға, күй өнеріне ғұмырын сарп еткен тұлғаларымызды лайықты деңгейде дәріптей алмадық. Мәселен, шертпе күй шебері Хамзин есімі елеусіз қалды. Ақтоғай билігінің кезегесі кейін кетіп тұр. Небір алыптардың кіндік қаны тамған Ақтоғай үшін бұл – мін. Екі жылда бір күй байқауын өткізсе болар еді. Қазір әкім жаңадан келіпті гой, кім білер, – дейді есіктің табалдырығын дымқыл шүберекпен қымтап жатып шебер. Қымтамаса лажы жоқ. Тоғыз шаршы метрлік бөлме (өзі «шеберхана» атайды – авт.) есігін айналыра шүберекпен бітемесе, ағаштан көтерілген тозан түгел үйге тарайды...

...Мен қоштасып, шығып бара жатқанда да есіктің желеді итере қойып, санылауды жауып жатты. Кіреберіске ұзағанымша шапашоттың ағашқа кірші-кірші кірген дыбысы құлағымға жетті. Тоғыз шаршыда өтіп жатқан тіршілік үні.

Иә, шеберде мұрын сіңбіруге уақыт жоқ. Секен Тұрысбековке берген уәдесі бар...

Суретті түсірген автор



• ШАРТАРАПТАН

Чехияда қауышқан қазақтар

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында әлемнің әр түпкіріндегі қазақтар бір жерге жиылып, Наурыз мерекесін атап өтетіні белгілі. Тарихтың талайлы жылдарында ұмыт қалып, қайта жаңғырған төл мереке – еліміздің ерек құндылығы, әр жерде жүрген қазақтардың басын қосатын айтулы күн ретінде берік қалыптасты.

Біз шетелдегі қазақтардың Наурыз тойын қалай атап өтетінін білмекке Чехия Республикасының астанасы Прагада тұрып жатқан отбасы Мұхтар мен Шынараға хабарластық. Олар 18 наурыз күні сол қалада 200-ге жуық Қазақстанның азаматы жиналып мерекені атап өткелі жатқанын айтты. Жақсы істің басы-қасында жүріп ұйымдастырған «Qazaq Nomad» өкілдері ерлі-зайыпты Тимур мен Дарина және Чехияда танысып, бас қосқан Дамир мен Риза есімді жас жұбайлар екен. Біз Дамирмен бір-екі ауыз тілдесіп, мерекеге дайындық барысы жайлы сұрадық. Дамирдың Прагада тұрып жатқанына алты жыл, Ризаға бес жыл болыпты. Айтуынша, Чехия Республикасындағы тұрып жатқан студенттермен бірге Еуропа бойынша бірнеше саяхат ұйымдастырыпты. Халқымыздың төл мерекесі Наурызды атап өту туралы 2022 жылдың желтоқсан айында ойлана бастапты. Ол идея өздері секілді жұп «Qazaq Nomad» өкілдері ерлі-зайыпты Тимур мен Даринаның да ойында жүрген екен. Елден жырақта жүрген жас отбасыларын Ұлыстың ұлы мерекесі таныстырып, мерекені бірге ұйымдастырыпты.



Рүстем Сәндібеков



Шынар ханым балаларымен

– Біз дәстүрімізді құрметтейміз, сақтаймыз. Бұл мерекені ұйымдастыру арқылы қазақ жастарына елімізден қаншалықты алыс болсақ та, дәстүріміз бен мәдениетімізді ұмытпау керек екенін жеткізгіміз келді. Біздің арқамызда жаңа деректермен танысты деп үміттенеміз. Келесі жылы да төл мейрамымызды бұдан да ауқымдырақ етіп ұйымдастыру жоспарда бар. Бұдан бөлек @salempgraha ұйымының арқасында Қазақстаннан келген студенттермен кездесіп, араласып, бірге саяхаттап тұрамыз. Инстаграм парақшамызда толық ақпарат бар, – дейді Дамир.

– Шетелдегі қазақ жастарын біріктіретін құндылық не деп санайсыз?

– Шетелдегі қазақтарға үйдегі жылы атмосфера мен жерлестерімен қарым-қатынас жетіспейді. Сол себепті, отандастар өздерін үйдегідей сезінуі үшін Еуропа бойынша саяхаттар мен кездесулер өткіземіз, быыл Наурыз мерекесін осы елдегі волонтерлердің көмегімен өткіздік.

– Ұлыстың ұлы күнінде елге айтар тілегіңіз?..

– Біз Қазақстанның өркендеуін тілейміз. Халқымыз дәстүріміз бен мәдениетімізді берік ұстанып, жастарымыз шыққан тегін ұмытпай, барынша өз ана тілімізде сөйлеуге тырысса екен дейміз.

Сонау Чехия Республикасында қазақ жастары жиылып атап өткен Наурыз мерекесіне сол жақта тіл үйрену курсына оқып жүрген 19 жасар тіл үйренуші Рүстем Сәндібеков



Дамир мен Риза

те қатысқан екен.

– Чехияға келгеніме үш айға жуық уақыт болды. Үйден алыс кеткеніме көп бола қоймаса да, сағына бастадым. Прагадағы барлық қазақтың басын қосып, Наурыз мерекесін ұйымдастырған өте мейірімді, ашық, позитивті адамдардың болғаны таңғалдырды. Бұл мерекеде тек жағымды әсерге бөлендім, іс-шара бағдарламасынан ғана емес, жалпы жерлестерімен сөйлесіп бір маркайып қалдым. Мұнда ұлттық би, ән-күйден бөлек ұлттық тағамдар да болды. Өте дәмді және ең маңыздысы – үйдегідей болды.

Сол үшін тағамдарды дайындаған, пісірген жандарға ерекше алғыс айтамын. Бағдарлама мен ұлттық тағамдардан бөлек, ұйымдастырушылар ұлттық нышандармен бейнеленген фото-зона дайындаған. Қазақ мәдениетіне сай барлық дәстүр орындалғандықтан, сондай жайлы атмосфера қалыптасты. Бұл мерекеге мені шақырғандары үшін @salempgraha ұжымына алғыс білдіремін. Қорытындылай келе, Наурыз мерекесіне көп отандасымыздың келгені қуантты, бұл дегеніміз, мұндағы қазақтар салт-дәстүрімізді ұстанып, сақтап келеді деген сөз. Ара қашықтыққа қарамастан бірлігіміз жарасып, жерлестерімізбен өзара араласқанымызды көргенде қуанышымда шек болған жоқ, – дейді Рүстем.

– Бізге Прагада осындай шара өткелі жатыр деп хабар берген Шынар ханым тіл маманы, отбасымен ол жаққа көшіп барғанына үш жыл болған жерлесіміз өзі күз болған Наурыз мерекесі жайлы ойын былай тарқатты:

– Прагада тұрып жатқанымызға үш жыл болса да, мұндағы қазақтармен қарым-қатынас көп орна-

та қоймадық. Оның бір себебі біздің келген уақытымыз пандемиямен тұстас болды, сондай-ақ, Елшілік тарапынан да, басқа ұйымдар тарапынан да қазақтардың басын қосып, ұйыстыратын іс-шаралар өткен жоқ. Келгелі қазақтар бас қосқан көрнекті әрі ауқымды іс-шара осы – Наурыз тойы болды. Балаларым ес кіргелі Наурыз мерекесін көрген жок. Жыл сайын Наурыз мерекесіне арнайы наурыз көже пісіріп, үйде атап өткенмен, көпшілікпен бірге өткізген дүбірлі тойдың жөні басқа. Елден жырақта ана тілінде отбасы аясында ғана сөйлеп, басқа



тілде шүлдірлеп жүрген балаларыма бұл мереке әсер етпей қоймады. Өздері секілді қаракөз балалармен ойнап, шашу жинап, мақал-мәтел, жаңылтпаш айтып, мәз-мейрам болды. Ұлттық киіммен мың бұралып билеген әпкелеріне қарап, қызым бой түзеп, бірге биледі. Қазақша ән-күй тындап, тіпті, домбыраға әуестігі артып, «менің осылай домбыра тартқым келеді» деді. Жалпы елден жырақта жүрген адамның топырағынан ажыраған ағаш секілді құлазитын сәттері болады. Әсіресе жастарға, балаларға қарағанда, ересек, егде тартқан адамдарда бұл жөі болады. Өйткені, олардың өзге топыраққа сіңіп кетуі өте қиын. Міне, сондай сәттерде адам көңіліне медеу болатын – өзімнен тілі, ділі бір адамдармен бас қосу. Содан да болар, бұл іс-шараны ұйымдастыруға өзі ниет білдіріп, көмек қолын созған адамдар көп болды. Біреу ән айтып, би билесе, аспаз боп жұмыс істеп жүргендер дастархан дайындауға, таксист боп жүргендер азық-түлік тасуға көмектесіп жатты. Бір сөзбен айтқанда, елге барып келгендей, өз қазағымызды көріп, мауқымызды бір бастық.

Шетелде жүрсе де Наурызды төл мерекеміз деп ұйымдастырған жастардың ұлттық рухы мен төл құндылықтарға деген құрметі жүрек түпкірінде жатқанын байқадым (оны өздері де байқамайтын болса керек). Тек басқаша шығарып, басқаша көрсетеді екен. Жиналған жастардың дені кемінде үш тілде сөйлейді. Көпшілігі оқуымен қатар жұмыс істейді, өз нәпақасын өзі табады. Араларында шетте жүрсе де кәсіп бастап, нәсібін көріп жүргендері де бар. Олардың өзара сыйластығы мен татулығына, үлкенге көрсеткен құрметі мен кішілік танытқан ізетіне, ең бастысы жауапкершілігіне тәнті боп қайттым. Жастар билеген әннің 80%-ы қазақ тілінде болды. Осыған қарап, көп сыңға ілігетін қазақтың тойқұмарлығы мен шоу бизнес өкілдеріне риза болдым. Жастарымыздың құлағының құрышы қазақ әніне қанған екен. Ұлттық болмысты сақтауда бұл аса маңызды!

Әзірлеген
Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ДІН МЕН ДӘСТҮР

Наурыз діни мереке ме?

Қазақ баласының рухани құндылыққа толы ардақты мерекесі – әз Наурыз. Наурыздың діни емес, дәстүрлі мейрам екені сан рет айтылды. Тағы бір еске салуды жөн көрдік. Бұл туралы ел ішінде қисынсыз пікір таратушылар да бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ертеде шығыс халықтары 21 наурыз күні түнде алаулатып от жағып, жаңа жылды жарықпен қарсы алыпты. Наурыз мерекесінде осылай от жағып, үстінен секіріп, өздерін пәле-жаладан тазартып отырған.

Қазақ халқы Наурызда қыстан аман шыққанына Құдайға шүкірлік айтып, мереке қылған. Ағаш отырғызу, ұлттық тағамдарды әзірлеу, түрлі спорт ойындарын өткізу арқылы халқымыз бұл күннің құрметіне бір-бірін құшағына алып, төс қағыстырып, қайта жарасып жатқан, адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген.

Алайда, отқа табыну – өткеннің еншісінде қалды. Ислам сенімінде бұл Ұлы Жаратушыға серік қосу (шірк) болып саналады. Ал, қазір мерекенің аты қалғанымен, оның бұрынғы мазмұны мен маңызы, өткізу тәріпті түбегейлі өзгерді, қажетсізі жойылды.

Салт-дәстүр әр халықтың діни ұстанымына қарай бейімделеді. Наурыздың қазіргі бет-бейнесі біздің салтымыз бен діни құндылықтарымызға әбден сіңіскен деуге негіз бар. Діни ерекшеліктерін жоғалтып, отқа табынушылық дінінің элементтерінен ада, халық арасында тек дәстүр ретінде қалыптасқан.

Наурыз мерекесін тойлау шариғатқа қайшы емес, оны бұзылған діни сенімдерге байланыстыруға негіз жоқ. Керісінше, осындай салт-дәстүріміз арқылы халқымыздың ынтымақ-бірлігі күшейеді, туыстық, достық қарым-қатынастар нығаяды, сүйіспеншілігі артады. Ендеше, әз Наурызды жатсыну, халық арасында дау тудыру, салт-санаға шабуыл жасау – қате. Діні мен дәстүрін қатар ұстаған халқымыздың даналығына риза болмасқа амал жоқ.

• НАУРЫЗ-ДӘМ

«Сүмәләктан тас таптым...»

Сүмәләк – түркі тілдес және парсы халықтарының біразының Наурыз мейрамында құлшына дайындап, сүйсіне жейтін мерекелік тағамы. Негізінен, түркімен, өзбек, қырғыз бен әзербайжан, қарақалпақ, парсы, пуштун, тәжік ұлттары арасында кең таралған. Атауы да әртүрлі болып келеді. Нақтыласақ, орыстар – сумалак, тәжіктер – суманақ, қырғыз ағайындар – сүмөлөк, өзбектер – сумалак, әзірбайжан – сәмәни, түркімендер – семени деп атайды. Қараңғыда арнайы өсірілген бидай дәнінен дайындалады. Қазақшаға икемдеп, сүмәләк деп атасақ, болатын сияқты. Сүмәләк – пайдалы, дәмді ас әрі тәнге қуат береді. Қазақ арасында бұл тағам аса танымал болмаса да, онтүстік өлкенің жұрты бұл тағамды жақсы біледі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығу тарихы һәм аңыздар сөйлесін

Наурыздың ерекше асының бірі болғандықтан, мереке қарсаңында оның шығу тегі, әзірлеу технологиясы жайлы өзбек ғалымдарының пікірі де бар. Оның үстіне Орта Азияда өзбек ағайындар бұл асты дайындауға ерекше мән береді.

Өзбектің белгілі ғалымы Маматқұл Жорасев сүмәләктің шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі кезеңдерде жатқанын айтқан. Мәлімдеуінше, Орталық Азияны мекендеген ежелгі халықтар ерте көктемде табиғаттын оянуына байланысты тәнге қуат беретін осы тағамды ойлап тапса керек. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде орта ғасырлардағы түркі халықтары жібітілген бидайды «сума» деп атайтынын жазған. Үнділердің көне тілінде «сумани» деген сөз бидай мағынасын білдіріпті. Демек, өзбек ғалымы М.Жорасевтың «түркінің «сабан» (өзбекше: «сому») және санскрит тіліндегі «сумани» сөздері арасында туыстық бар және сумалақтың пайда болуы сонымен байланысты» дегені шындыққа жанасады.

Тіпті, I-II ғасырларда өмір сүрген грек ойшылы Плутархтың еңбектерінде Касий маңын мекен еткен халықтар көктемгі мейрамда-

рын бидайдан жасалған өте дәмді тағаммен тойлайтыны жазылған. «Сүмәләк» (сумалак) сөзінің түпкі мағынасы туралы нақты дерек жоқ. Оны тіліміздегі «сүмелек» сөзімен шатастыру қате.

Қасиетті тағам деп бағаланғандықтан, ел арасында «сүмәләкті періштелер сыйға тартқан» деген аңыз бар. Себебі, арабтың «малак» сөзі түркінің «періште» сөзімен мәндес. Ел аузынан жазып алған аңыздардың бірінде күйеуі соғыста қаза тапқан ана жеті баласымен періштелердің көмегімен ғажап дәмді бар тағам – сүмәләк әзірлеп, аман қалған көрінеді. Сумен ғана күнелтіп, әбден қалжыраған балалары «қарнымыз ашты» деп жылайды. Анасы үй маңында өсіп тұрған бидай сабақтарын майдалап, қазандағы суға салып, қайната бастайды. «Тамақ дәмді болсын» деп балаларын алдап, қазанға бірнеше ұсақ тас салып қайнатады. Аштық қысқан балалары мен анасы тамақты күте-күте ұйықтап қалады. Таңертең қараса, қазан тәтті тағамға толып тұр екен.

Сүмәләктің шығу тегі туралы бұдан басқа да аңыздар жетерлік. Оның қазіргі әзірлену технологиясы жоғарыдағы аңызға ұқсас.

Сүмәләк қалай пісіріледі?

Сүмәләк – жаңа өңіп шыққан бидайдан жасалатын сұйық тағам. Оны көбіне бірнеше отбасы жина-



лып, үлкен қазанда пісіреді. Мамандардың айтуынша, оны пісірудің ұзаққа созылуы тағамдағы химиялық процестердің сәтті жүруіне мүмкіндік береді.

Алдымен, бір келідей бидайды суық сумен жақсылап жуып, сырлы ыдысқа салып, су құйып, бір-екі күндей жібітеді. Жібіп, қауызын жара бастаған бидайды таза,

кіруі шарт.

Ине бойы өнген бидайды тақпадан алып, бөліктерге бөліп, ет тартқышпен майдалап, үстіне су құйып араластырады. Оны дөкеге салып, сығып сөлің алады. Сүзгіден үш қайтара өткізіп, алынған бидай сөлдері бөлек ыдыста сақталады.

Бір келі өндірілген бидай үшін төрт келі ұн, бір келі мақта майы

тас таптым, оны күнге ұқсаттым» деп келетін өлеңінің мәнін де осы жерде түсінеміз. Өзекеңдер сүмәләк дайындағанда көбіне осы әнді шырқайды.

Тас салып, 10-12 сағат қайнатады. Қайнау барысында жан-жағынан ожаумен үзбей қозғап отыру қажет. Өйтпесе, азық қазанның түбіне шөгіп, тасқа жабысып қалуы

қажет. Майды қазанда тұшытып, суытады. Оған ұн салып, ең бірінші алынған сөлді құйып қайнатады. Жоғары температурада қатты қайнатылған соң, екінші сөлді, ол да қайнап шыққан соң үшінші сүзгінің сөлін құйып қайнатады.

Қайнап тұрған қазанға жақсылап жуылған жиырма шақты тас және он-он бес жаңғақ салады. Тас азықтың қазанның түбіне жабыспауын қамтамасыз етсе, жаңғақ ерекше дәм мен витаминдер қосады. Өзбек ағайындардың «Сүмәләктан

мүмкін. Дайын болғанша, бала-шаға жиналып ойын ойнайды, ән айтып, өнер көрсетеді.

Қайнауы қанып, қоюлана бастағанда, алауды сөндіріп, бетін дастарханмен жабады. Бетін қақпақпен бастырады. Шамамен, 5-6 сағаттан соң Наурыз дәмі – сүмәләк дайын болады. Жеудің де жөні бөлек. Әркім жеке ыдысқа салып, көбіне кіші саусақтың ұшын матырып жейді.

«Күн сәулесі түспейтін жерде өндіріліп, ұзақ уақыт қайнатылған бидайдың құрамындағы күрделі формадағы кант қарапайым моносахаридтерге, ақуыздар аминқышқылдарға, майлар май қышқылдарына ыдырайды. Адам ағзасына өте пайдалы физиологиялық белсенді заттар, дәрумендер және фитоминдер түзіледі. Сүмәләкті жеген адамның шаршағаны басылып, бойына күш-қуат құйылғандай сезінеді. Себебі, ұзақ қайнатылған азық құрамындағы биологиялық катализаторлардың белсенділігі де артады, – депті бір сұхбатында биотехнолог Рахила Хасанова.

Түйін

Сүмәләк пісірудің өзінде татулыққа, ұйымшылдыққа жетелейтін ымырашылдық бар. Ортақ қазаннан дәм тату мақсатында қазан басында жүріп, өзекті мәселелерді ақылдасады. Өйткені, уақыт жетеді. Бұдан Наурыздың ізгілік, береке, ынтымақ идеяларымен астасып жатқандығын көреміз. Бұл тағамды Наурызда дайындайтын елдердің әрқайсының өз ерекшелігі мен өзіне тән аңызы, наным-сенімі бар екенін атап өткен жөн.

Қыс бітіп, көктем келгенде өскін бидай дәндерінен жасалатын тағамды дайындаудың мәнінде көктеммен бірге көгеру, өсіп-өну, бірлікте өмір сүру идеясы жатыр. «Сүмәләктан тас таптым, оны күнге ұқсаттым» деп әндетудің өзінен піршілік пен Табиғат Ананың ажырамас тамырын аңғарамыз.

• ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай!..

Осыдан біраз уақыт бұрын Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында Қарағанды облысы іскер әйелдерінің форумы өткені белгілі. Форумды ұйымдастырған Теміртау қаласы іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Наталья Арыстанова тек кәсіпкерліктің қыр-сырын ғана емес, мемлекеттік тілді де жетік меңгеріпті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қаласы Наташаға әуелден жат емес. Марқұм әкесі Иван өткен ғасырдың 70-жылдарының басында осында әскери борышын өтеп жүргенде анасы Любамен танысып, бас қосады. Содан 1974 жылдың 22 қаңтарында дүниеге келген осы қызының екі айлығында өзі туып-өскен жері Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданына көшіп барады. Кейін отбасына Борис, Павел есімді тағы екі бала қосылады.

Кейіпкеріміз Мұғалжарда орыс балабақшасына барып, орта мектепті де орысша бітіреді. Бірақ, сыныбындағы 18 оқушының 14-і қазақ баласы болып, олармен күнде араласып-құраласып, дос-құрбы болғандықтан қазақ тілін меңгеру аса қиынға соға қоймаған. Қазақ арасында өскен әкесі Иванның да қазақша таза сөйлеп, он салатыны да ықпал еткен. Екі бауыры да қазақшаға судай.

— Бала басқа тілді жасынан үйренуі керек және оған орта болуы тиіс, — дейді қазағы қалың өлкеде бойжеткен Наташа.

Ол орта мектепті аяқтасымен туған жері Теміртауға оралып, осындағы құрылыс техникумына оқуға түседі. Оны тәмамдаған 1994 жылы аталған оқу орнында өндірістік оқыту шебері болып істейтін жерлесі Нұрлыбек Арыстановқа тұрмысқа шығады. Жас келінді Шалқарға алып барғанда ата-енесі Орынбасар мен Алдан еш жатырқамай бауырына басып, дүрілдетіп той жасайды. Бір қызығы, келіні атасының атын айтуға келгенде

қатты қысылып, әрең дегенде «заместительдің аудармасы ғой» деп айтқанда ғана барып түсіндім. Міне, үлкенді сыйлаған ізет қандай!..

Техникумнан құрылысшы-техник мамандығын алып шыққан Наталья басында геодезист, қаладағы «Бидай-Нан» кәсіпорны дүкендерінде сатушы болып, 2005 жылы жеке кәсіпкерлікке ден қойды. Оған дейін Қытай мен екі арада сан қатынап, тауар тасыған күндері де аз емес. Қазақ тілін білгеннің арқасында Астанадағы Л.Гумилев атындағы университеттің экономика факультетін де сырттай оқып алды. Білімі мен тәжірибесі толысқан шағында ұлттық үлгідегі төсек-орын жабдықтарын тігетін цех ашып, бүгінде онда 15 адам жұмыс істейді. Енді «Даму» бағдарламасы бойынша алған несиесіне осы өнімдерін сататын «Арна» дүкенін алдағы Наурыз мерекесіне орай ашқалы отыр. Көпқабатты үйдің бірінші қабатын тұтас алып жатқан бұл сауда нүктесінде 25 адамды жұмыспен қамтымақ. Оларды тұтынушылармен қазақша ауызекі тілдесуге өзі үйретуде.

— Дүкеніміз ашылатын Наурыз мерекесінде есік алдында үстелдер қойып, қала жұртшылығына ыстық палау мен шай, тәтті-дәмділерді тегін ұсынамыз, — дейді кәсіпкер келіншек. Оның қайырымдылық тұрғысындағы игі істері мұнымен шектелмейді. Мысалы, жылда «Мектепке жол» акциясына атсалысып, қаладағы Қарттар үйінен, Дағдарыс орталығынан қолдан келген көмегін аймайды. Оған қоса биылғы қыста суықтан тоңған теміртаулық 60 отбасына жылы киім таратқан. Бір кезде өзімен бірге са-



тушы болып бірге істеген орыстың жетім қызы Кристинаны жолдасы Нұрлыбек екеуі той жасап, қолдан ұзатқаны да адамгершіліктің үлгісі.

Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына жетік Натальяны теміртаулық қандастарымыз да қатты құрметтейді. Олар осынау пейілі кең, мейірімді жанға сәби-лерін қырқынан шығартып, бесікке салғызып, тұсауын кестіретін көрінеді. Тіпті, жуырда орыс жігітіне тұрмысқа шыққан құрбысы Гүлжанаттың бөбегі Давидке де осындай жоралғы жасаған.

— Осы уақытқа дейін 24 ер баланы қырқынан шығардым. Қырқынан шығарудың жөн-жоралғысын кейбір замандастарымның әлі білмейтіні өкінішті. 1994 жылы туған қызым Лаура мен 2000 жылғы ұлым Жангелдіні туғаннан бесікке бөлеп өсірдім. Бұл деген нағыз тазалық қой. Шүкір, одан балаларым кем болған жоқ, — деп ағынан жарылды. Айтса айтқандай, екі баласы да



жоғары білімді, IT саласының білікті мамандары. Атап айтқанда, Лаурасы Астана қаласындағы осындай кәсіпорынның бас директоры болса, Жангелді сондағы IT университетінің магистратурасында оқиды. Ал отағасы Нұрлыбек «Алаутранстгаздың» апаттан құтқару қызметінде істеп, қазір қалаға газ тарту мәселелерімен шұғылдануда. Бұл шаруаға еліміздің түпкір-түпкірінен, әсіресе, өздерінің Ақтөбесінен тәжірибелі мамандар ағылып келуде. Оларға қонақжай Арыстановтардың есігі қашанда ашық. Жерлестері Натальяның өзі айналдырып, тұздаған қазы-қартасын сүйсіне жеп, қаймақ қатқан күрең шайын қанып ішіп, өз үйлеріне келгендей болады. Мұның бәрі, әрине, қазағымның керемет келінінің кісілігі мен қазақы болмысының арқасы деуіміз керек.

ТЕМІРТАУ

• МЕРЕКЕ СЫЙЫ

Әкімнен базарлық

Әз Наурыз – ежелден жыл басы. Қарқаралы ауданындағы білім беру мекемелері де Наурыз мейрамын айрықша бағалап, оны тойлауды дәстүрге айналдырған. Бұл жолы оқушылар аудан әкімі Ерлан Құсайынның қатысуымен өткен «Армысың, әз Наурыз!» атты салтанатты мерекеледе бас қосты.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Нағыз Ұлыстың ұлы күні, ұлтымыздың төл мерекесінде ұлттық киімдеріміздің әдемілігі мен салт-дәстүріміздің мәніне үңіліп, кеудемізді қуаныш кернеп тұр. Оқуда зор табыстарға жетіп, ойлаған армандарың орындалып, болашақта бір-бір мамандық иесі атануға, еліміздің бақытты ұрпағы болуларына тілектеспін, — деп құттықтау лебізін жеткізді әкім.

Мерекеге сай ұлттық нақышта безендірілген думанды ортаға Қырдыр ата келіп, балаларға ақ батасын берді. Ұлттық ойындар ойнатылып, «Тұсақкесер» салты көрсетілді.



Дастарқан мәзірі ұлттық тағамдарымызбен толды. «Ұзынсарыға» деп сақталған табақ-табақ ет тартылып, жиналған жұрт наурыз көжеден дәм татты.

Өз кезегінде Ұлыстың ұлы мерекесін оқушылар да ерекше көңіл күймен қарсы алып, дәстүрлі әннен шашу шашты. Аудан басшысы 50 балаға «MARWIN» дүкенінің сертификатын таратып, оқушылардың қуанышын еселеді.

Қарқаралы ауданы

• МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

Наурыз қарсаңындағы сайыс

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Az Nauryz» байқауы өтті. Оған аталған оқу орнының студенттері атсалысып, тың идеяларымен мереке шырайын ашты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мейрам қарсаңындағы осынау жиында студенттерден құралған командалар жеке-жеке түрлі нөмерлер қойды. Олар түбі бір түркі тілдес халықтардың ұлттық дәстүрлерін, тағамдары мен ұлттық нақыштағы киімдерін ұсынды. Сонымен қатар, ұлттық спорт түрлері бойынша да жарыстар өткізді. Оған асық ату, кір тасын көтеру, арқан тарту секілді спорт түрлері кірді.

Шарада бас қосқан көрермен мен қазылар алқасы ұсынылған тағамдардың алуан түрлілігіне таң қалысып, әр тағам мен ұсынылған нөмерлерге сай баға берді.

Ал, ол тағамдар мен киім ұл-

гілерінде мына халықтардың ұлттық нақышы көрсетілген: қазақтар, түріктер, ұйғырлар, өзбектер, әзербайжандар, тәжіктер, грузиндер, аугандар.

Қазылар алқасы мүшелерінің айтуынша, үздіктерді тандау оңай болған жоқ көрінеді. Десек те, барлық сайыскерлердің қабілеті жоғары бағаланып, сыйдан кенде қалған жоқ.

Жарыс нәтижесі бойынша №3 жатақхананың студенттік кеңесінің командасы Гран-приді жеңіп алды. І орынды инженерлік экономика және менеджмент факультетінің студенттері иеленді. Ал, II орынға инновациялық технологиялар колледжінің өкілдері табан тіреді. Үздік үштікті инновациялық технологиялар факультетінің командасы толықтырды.



• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Бөбекжайдағы жаңа күн

Наурыз – көнеден келе жатқан мереке. Қыстан аман шыққан халық Наурызды асыға күтеді. Тіпті, балалардың өзі Наурыз тойын асыға күтеді.

Қарағандыдағы «Гүлдер» бөбекжайындағы «Лалагүл» тобы ұлық мерекені жоғары деңгейде атап өтті.



Бөбекжайдың кішкентай бүлдіршіндері ою-өрнектеп тігілген, көздің жауын алатын ұлттық киімдерді киіп, «Қамажай», «Батырлар», «Өзбек» биін биледі, ән салып, ұлттық ойындар ойнады. Теңге ілу, арқан тарту өнерлерін көрсетіп, көрермендерді сүйсіндірді. Сонымен қатар, Наурыз мерекесіне арналған ұлттық нақышта бейнеленген киіз үйдің ішіне қазақтың кебезесін, шымылдығын, ыдыс-аяқ, ат әбзелдерін қойып безендіріп, дастархан жайылды. Өнерлі тәрбиешілер «Тұсау кесу», «Бесікке салу», «Шашу» сынды салт-дәстүрлерді көрсететін көрініс қойып, мерекенің шырайын келтірді. Балабақша меңгерушісі Лариса Рассаднева шара қонақтарын, ата-аналарды, балабақша ұжымын

құттықтады. Бөбекжай әдіскері Айгүл Бегадарова мерекеге қатысушылар мен топ тәрбиешілері Шынар Калимжанова мен Анар Мұхамединаға ерекше алғыс айтты.

Шара соңында қонақтар арнайы дайындалған наурыз көжеден дәм татып, бата берді. Біз, ата-ана аналар қауымы тәрбиешілерге ризашылық білдіреміз. Бүлдіршіндерімізді аялап, салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, тәлім-тәрбие беретін тәрбиешілерге деген алғысымыз зор.

«Гүлдер» бөбекжайындағы «Лалагүл» тобының ата-аналар қауымы

ҚАРАҒАНДЫ



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ

www.ortalyq.kz



• МЕРЕКЕ МӘНІ

Наурыз нышандары

Әз Наурыз мерекесін түбі бір түркі жұрты бастабында табиғаттың тылсым нышандары арқылы ажыратып, ат қойған, айдар таққан. Бұл – жалпылай алғанда күллі шығыс халықтарына ортақ мереке. Жалқылай алғанда қазақ дүниетанымындағы ерек мейрам. Бұл шақ – жер аяғы кеніп, қырат белдер қа- баратын, табиғат жаңаратын мезгіл. Онда осы мерекедегі санамызға ой-тамы- зық болсын деген рәуішпен таңғажайып табиғаттың тосын құбылыстарына тоқталып кетелік.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мәриям шөп
Жаз – жайлау, күз – күзеу, қыс қыстау жайлаған қарға тамырлы қазақ – тұған жердің қыртысындағы талай көріністерге көзі қаныққан дана ел. Жаңа ғасырдың табалдырығын ақпараттық технологиямен ашқан бүгінгі web-ұрпақ үшін қарапайым тасбақаның тірлігі тосын көрінері рас-ау. Әйтеуір, ауыл-аймағында көзін ашып, қыста жабағы үйреткен жан жазғытұры қараған сайдан бәйгеторысымен шауып өткенін- де тырбаң еткен жердегі тасбақаны көзі шалып қалып жүреді. Бұл тас астындағы мақұлықтың ат тұяғының дүбірінен шошып қашқан түрі енді. Торының тізгінін тартып, әлгі немерге үңілген болсаңыз, мойнын тас астына жасырған жәндік үн шығармай жай- барақат тыады. Үзеңгіден аяқ босатып, шылбыр ұстаған күйі бүк түсіп, «тірі тасқа» тағы мән бересіз. Етбетінен жатқан бейуаз жәндікті шалқалатып аударасыз да бажай- лап көресіз. Езуінен шөп қылаңытқан болса, жартылай бақытты жансыз. Енді сол шөпті еппен алу ләзім. Тас жамылған бақаның езуіндегі екі тал өсімдікті қазақ «Мәриям шөп» деп ныспылады. Қолға түсірген бол- саңыз, бай Жақыптай бақытты, арманы жоқ адамға айналғаныңыз. Сәулет те, дәулет те біткен қуатты, миллет те қадірлеген шуақты жанға айналасыз деген сенім бар әзелден...

Балпақ басын көрсетер
Қазакиның шалқар даласын түтел бар- лап, зерттеу ешкімнің маңдайына жазыл- маған. Жазылған болса, Лұқпанға берген жан да шыдамас па, жетпес пе еді, қайтер еді. Шыдаған болса, сұңғыла болар ма еді. Сұңғыла болса, онда Қызыр атаға айналған болуы керек. Әбілхаяттың суын ішіп, бағ- зыдан қалған байырғылар «балпақ басын көрсетер уақ» деп қауқылдасатын күн қай- да, шіркін. Ол мұғдар – наурыздың 10-ы мен 14-і шамасы. Жә, балпақ деген не дейсіз ғой? Кәдімгі сарышұнақ. Сол жарықтық на- урызда інінен қылаң етеді. Ай суық болса,

інінен ұзамас. Жылы болса, ен дүниені еркін кезеді...

Наурызтөл
Ақпанның аяқ кезінде қой төлдей бастай- ды. Қыр қазағы ондай қозыны төлбасы деп ерек қадірлейді. Күтеді. Бағады. Сақтайды. Кей жерлерде төлбасы деп те атайды. Төлдің басы ешкімге сатылмайды. Ешкімге сыйға берілмейді. Көшпелі ортада ертеде ерте көк- темде алғашқы туған ұрғашы қозылардың арасынан түсі келіскен, енесі өсімтал деп саналатын біреуі көгенбасы деп тандалған. Мұндай малды көбінесе өз қызығына, той- ына, құрбан айт күндерінде сойып, бырым етеді.

Наурызек
Құстың аты. Ұлпадай жеп-жеңіл, ұшқыр торғай кәдімгі. Құйрығы ұзын, түсі көк. Ба- уыры сарғыш. Халық ішінде «Сарыбауыр нәурызек» деп айтады. Наным бойынша, на- урызек келгеннен кейін күн жылынып, ай- тарлықтай боран, суық болмайды. Әлемде бұл құстың 60 түрі бар көрінеді. Ол ұясын көбіне шөп арасына салады. Қыр баласының асығын қалтасына толтырып, осы бақыт шақырып жүретін құсты торуылдап жүр- генін көзіміз көрмеді. Құлағымыз естіді үл- кендерден. «Балам, жылқышы құсты көрген адамның жолы болады. Оны алғаш көргенде жем шаш», – деп үйден шығарда айтқан ана- лардың сөзі дәйім есімізде болатын. Алақа- нымызға аз-маз бидай салып жүретін ек. Көре қалсақ ол құстың жолына тары-бидай шашатынбыз.
Қарлығаш – адамды ажалдан құтқарушы, наурызек – жыл басы, береке хабаршысы, көгершін – тыныштық құсы, бозторғай – дала бұлбұлы деп тәпсірлейтін әжелердің қатары сиреді.
Құсты бірінші көрген адам оны жақ- сылыққа балап, қолда барын алдына жаяды. Бұл құсты көргендер «Наурызкөгім келдің бе?» немесе «Наурызек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?» деп сұрайды



екен. Аңыз бойынша, мұндағы Наурызектің анасы – Жер-Ана. Яғни, Жер-Анаға көктем келді ме, табиғат жаңарды ма деген мағына береді.

Әр қазақтың шаңырағының қасынан на- урызек құстың шықылы шықсын!

Наурызшешек
Емдік қасиеті бар тау бөктерлерінде бүршік жаратын дәрілік гүл.
Балқаш-Алакөл, Жетісу, Күнгей, Іле, Қырғыз Алатауларында, Алтайда, Батыс Тянь-Шаньда, Сарыарқада өседі. Биік тау басындағы мұздықтардың маңайында, жар- тастарда, шалғынды тау беткейлерінде, ор- мандарда бұта арасында, өзен, көл жағалау- ларында өсетін 12-ге тарта түрі бар. Өсімдік биіктігі 15-30 сантиметрдей, сабағы тік, жа- пырақтары сабақ түбінде шоқтанып өседі. Тостағанша жапырақшалары түтікшелі қоңырау тәрізді, күлтелері ұзын, желбір қа- лақшалары бүтін не екіге бөлінген. Аталығы – бесеу, өте қысқа жіпшелермен күлтенің түтікшесіне бекіген. Қызыл, күлгін, сары, тағы басқа түсті гүлдері шатырша гүлшоғы- рына топталған. Ерте көктемде гүлдейді, аралар және көбелектер арқылы тозандана- ды. Қазақстанда 12 түрі бар, оның Минквиц Примуласы деген түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Наурызша
Қазақ тілінің сөздік қорында «науры- зша» деген сөздің барын біріміз білсек, біріміз білмейміз. Білсек те бұл күнде көп ести бермейміз. Наурызша – наурыздағы қар атауы.
«Наурызша» – жыл басындағы жылы- лықтың белгісі. Наурыз айында ашық күн- дері қолдан жасаған ою-өрнек секілді жұп- жұқа қиыршық қар түседі. Қырбақ, қарайған жерді жасыра алмай, қылаулап жауған жуқа қар күн көзіне шашырап, жылтылдап құбы- лады. Анықтап қарағанда, басқа қар қиыр- шықтарындай емес, жеңіл де үлпілдек бола- ды. Осы қарды наурызша деп атайды.

• ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Концерт, қойылым, жарыс

21-22 наурыз күндері Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында Наурыз мейрамына арналған мерекелік шаралар өтеді.

Тұрғындардың назарына концерттер мен театрландырылған қойылымдар, спорттық жарыстар, көрмелер ұсынылады. Облыс бойынша 300-ден астам киіз үй орнатылмақ. Атап айтсақ, 21 наурыз күні Қараған- ды қаласы, Кеншілер мәдениет сарайының алдындағы алаңда, сағат 12:00-де «Наурыз

думан» мерекелік іс-шарасы дүркіреп өтпек. Онда арқан тартыс, кір тасын көтеру және қой көтеру сынды ұлттық ойындар, мәдени- ет сарайы шығармашылық ұжымдарының концерттік бағдарламасы көрсетіледі.

Өз тілшімізден



• ЖЫР-ШАШУ

Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Түтіні шығар бұрқырап.

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ



• ДӘСТҮР

Ата салты – ұрпаққа аманат

Қазақта «Алты жыл аштық болса да, атанның салтын ұмытпа» деген сөз бар. Қазақ халқының ұлттық құндылығы – мәдениеті, әдебиеті, өнері осы салт-дәстүрлер арқылы танылып келеді. Оның ішінде ұмытылғаны және қай- та жаңғырғаны қаншама?!

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



«Дәстүрін – дәулетің, салтын – санаң, тұрпың – құмырың» дейтін халық бүгін- де мың түрлі дәстүрдің уақыт тезінен өтіп, өзінің мән-мазмұнын жоғалтпағанын ғана ескеруде. Бала дүниеге келгеннен бастап, есейіп ересек болғанша, қазыналы ка- рия қарттық жасқа жеткенше жасалатын әдет-ғұрыптарды орындап келеді.
– Қазақ халқының өмір бойы қалыпта- сқан таным, ұғым, әдет, әдеп, салт-дәстүр- лерінің айқындалған, мойындалған сара жолы ерте жасалған. Бала күнімде әке-ше- шем, ауыл-аймақ, ағайын-тума арасында орындалатын жоралғының бірі – тұлым қою еді. Қарын шашынан, орайдың маңына қал- дырып «Жас баланы жын-шайтан иектегіш болады, ал тұлым оларды үркітеді, айнала- дағы адамдардың көзі тимейді» дейтін. Жеті жасқа келгенде ауылдың ардақты ақсақал, ағаларын жинап, батасын алып, кішігірім той жасайды. Жас баланың мойнына екі қалтасы бар дорба асып қояды. Әр адам жақ- сы тілегін айтып, батасын беріп, тұлымның шетінен қнып, қалтаға сала береді. Екінші қалтаға көрмдік салады. Кей уақыттар- да қой, жылқы, атан-түйеге дейін атайтын болған. Кейінгі уақытта бұл үрдіс сирек орындалып, жур. Оның өзіндік ерекшелік- тері бар. Үлкен немеремізге атасы ырымдап тұлым қойды. Немереміз жеті жасқа толған- нан кейін той жасап, тұлымын кесіп, үлкен- дердің батасын аламыз деп отырмыз, – дейді Көктас ауылының тұрғыны, ұлағатты ұстаз Базаркүл Хизиль.
Тағы бір ел арасында жоғалып бара жатқан дәстүрдің бірі – ашамайға мінгізу. Ер бала дүниеге келгенде тай атап, ен салады. Алайда, бала ересек болған тұста үйретілген тайға мінгізіп қоя береді. Мұның да ертеде ата-бабаларымыз жөн-жоралғысын орын-

даған. Ауыл-аймақ болып атқаратын дәстүр. Ұлттық киім киген баланы бәсіре тайға мін- гізіп «Ашамай тойын» жасаған. Атты жетек- теген адамның жас болуы шарт. Әрі ел арасы- ында абыройлы, парасатты, өнерге жақын болғаны да абзал. Үй-үйді аралата жүріп үлкендердің батасын алған. Әр барған үйдің адамдары теңге мен тәттілерді қоржынына тоқтырып беріп отырған. Бұл дәстүр ер ба- ланың отанын қорғайтын ер-азамат екенін түсуіне, өзінің азаматтық міндеттерін түй- сінуіне әкеледі.

Қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу секілді салт-дәстүр- лер уақыттан қалған емес. Алайда, тілашар жасау жоралғысы өзінің мән-мағынасын жоғалтып, немесе заманға қарай бейімделген.

– Мен – онтүстіктің қызымын, орталық- тың келінімін. Дініміз, тіліміз, ата-тегіміз бір болса да ұстанатын, атқаратын салт-дәстүр- леріміз әртүрлі. Оңтүстік жақта қазақы үрдіс кеңінен сақталған. Мәселен, онтүсік- тің қалың мал дегеніне көбісі үрке қарайды. Бұл біздің ата-бабадан келе жатқан ұлттық дәстүріміз деп айтуға әбден болады. Ерте- ректе ата-бабаларымыз төрт түлік малды тү- гендеп, тең-тең дүние мүлік берген. Бүгінгі қалың мал қыздың артынан келетін дүние мүлкі, – дейді үш баланың анасы Ажар Мак- мұдқызы.

Салт-дәстүр, жөн-жоралғыға келгенде кереғар пікірлер өте көп. Бірі мактайды. Бірі даттайды. Ата салты – ұрпаққа аманат. Озығын қадерге жаратып, тозығын тарих қой- науына жіберетін де өскелең ұрпақ. Мәсе- лен, ертеректе ерекше маңызғы не болған «Байлау», «Жолаяқ», «Біз шаншар», «Босаға майлау», «Желін садақа», «Жарысқазан» де- ген жөн-жоралғылар тарих қойнауына кет- келі қашан.

Оқырманның назарына!

Газеттің келесі санына 21 наурыз, сенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МӘНШІК ИЕСІ: «Saryagda Aqrat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБАЙ

Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК

Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-57-76

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе

41-26-82, 43-57-88

телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,

БИК KZJLKBZXXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№32 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор **Нұрқанат ҚАНАПИЯ**